ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 13 қыркүйек №1513-23-00-2/1461-іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.Р.Медетова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«КазТехНадзор-А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі Б.А.Темірбаев
жауапкер өкілі Н.А.Ерниязов
үшінші тұлға өкілі А.А.Кереев
аудармашы Б.Калиева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» ММ-сі (бұдан әрі - талап қоюшы) «Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-нің (бұдан әрі - тапсырыс беруші) өтінімі негізінде

2023 жылдың 10 сәуірінде мемлекеттік сатып алу веб-порталында №9754926-1 «Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Тасөткел ауылына ауысымына 30 келушіге арналған медициналық пунктінің құрылысы» нысаны бойынша инженерлік қызметі» жобасы бойынша ашық конкурс (бұдан әрі - конкурс) хабарламасын жариялады. Жобаның жалпы сомасы 2 266 854 теңге.

Конкурстың біліктілік талабына сәйкес конкурс қатысушыларында 3 инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру құқығына аттестаты бар мамандардың болу талабы орнатылған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, конкурсқа қатысу үшін өтінім ұсынған әлеуетті өнім беруші «КазТехНадзор-А» ЖШС-гі (бұдан әрі – жауапкер) өзінің біліктілігі туралы мәліметінде анық емес ақпарат ұсынғаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды толығымен қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талап қоюшының талап қоюымен келіспей, қарсы пікірінде көрсетілген уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлға өкілі талап қоюшының уәждерін қолдап, жауапкер жалған ақпарат беруіне байланысты жеңімпаз болып танылғанын көрсетіп, талап қоюшының талабы негізді екенін айтып көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 11-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес, біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Заңның 11 бабы 2 тармағында, әлеуетті өнім беруші ұсынатын ақпараттың анықтығын тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында анықтай алады.

Заңның 27 бабының 1 тармағының негізінде конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауда біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады - деп көрсетілген.

Сот отырысында анықталғандай, 2023 жылдың 10 сәуірінде мемлекеттік сатып алу веб-порталында №9754926-1 ашу хаттамасы негізінде әлеуетті өнім беруші «КазТехНадзор-А» ЖШС-і конкурсқа қатысуға өтінімін ұсынған.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 21.09.2023

Өтінім ұсынған кезде «КазТехНадзор-А» ЖШС-нің үлесінің 100 пайызы А.С.Ергазиевке тиесілі болған.

Алайда, 2023 жылғы 10 мамырда А.С.Ергазиев пен А.С.Женсикбаев арасында «КазТехНадзор-А» ЖШС-нің үлесінің 100 пайызының сатып алу-сату шарты жасалған.

2023 жылғы 10 мамырдағы №9527123 қорытынды туралы хаттамасына сәйкес, конкурс жеңімпазы болып «КазТехНадзор-А» ЖШС-гі айқындалды.

«КазТехНадзор-А» ЖШС-нің жаңа иеленушісі аталған конкурстық комиссия шешіміне «Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-не шағымданып, өз шағымында «КазТехНадзор-А» ЖШС-нің жұмысшысы А.В.Бабичтың аттестатының жарамсыз екенін, Н.М.Кенбаев, А.Халетов және А.Калмагамбетов эксперттердің жұмыстан босатылғаны туралы көрсетіп, яғни конкурсқа қатысқан кезде ұсынылған ақпараттар анық емес болғанын мәлімдеген.

2023 жылдың 31 мамырдағы «Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-нің аталған шағымға берген жауабына сәйкес, «КазТехНадзор-А» ЖШС-нің біліктілігі туралы мәлімет бойынша ұсынылған Н.Кенбаев, А.Халетов, А.Бабич, А.Калмаганбетовтың еңбек ресурстарының «КазТехНадзор-А» ЖШС-не қатысы жоқ екендігі анықталғанын және де иеленушілердің ауысуы себебімен анық емес ақпарат ұсыну фактілерін жоққа шығару мүмкін емес екенін көрсетіп, яғни Заң талабына сәйкес шара иеленушілер бойынша емес, әлеуетті өнім берушіге қатысты қолданылатынын көрсеткен.

Заңының 2 бабының 1 тармағында әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім берушінің берілген өтінімінің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындығына сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтерді - анық емес ақпарат деп көрсетілген.

Заңының 12 бабының 4 тармағының 1) тармақшасына сәйкес біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің жосықсыз қатысушылардың тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72 бабының (бұдан әрі - АПК) негізінде әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Жауапкер «КазТехНадзор-А» ЖШС-гі өз қарсылықтарын растайтын дәлелдеме құжаттарды сотқа ұсына алмады.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 21.09.2023

АПК-нің 68-бабының 6-тармағына сәйкес, егер іс үшін маңызы бар және екінші тарап жоққа шығармаған мән-жайларды даусыз растайтын, іске қатысты жарамды және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады.

Талап қоюшы тарапынан осы іске қатысты барлық дәлелдеме құжаттар ұсынылған..

Сотта анықталғандай жауапкер тарапынан біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат бергені жоққа шығарылмайды, дегенмен бұл ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына әсер етеді.

Сот, зерттеліп анықталған мән-жайлар негізінде талап қоюшының талап қоюы толық қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«КазТехНадзор-А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«КазТехНадзор-А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 21.09.2023